# АРҚАЛЫҚ хабары

№ 16 (1114)
01.05.2026 ж.

E-mail: arkalyk.habar@mail.ru

@arkalyk.habary

web-сайт: www.arklife.kz

Қалалық апталық газет

Городская еженедельная газета



# Түркістан сапары - тәрбиелік мәні зор шара

**Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ бастап, зиялы қауым өкілдері, оқушылар, тағы бірқатар азаматтардан құралған делегация Ұлытау аумағына, Түркістан өңіріне арнайы сапармен барып қайтты.**

Ондағы мақсат жастарға тарихи орындарды көрсетіп, таным көкжиегін кеңейту, қарттарға рухани демалыс сыйлау. Айтулы сапар мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібектің – 95 жылдық мерейтойына арналып, ұйымдастырылды.

Торғай облысы кезінде хатшылық қызметте болған уақытта Өзағаңның мәдениетіміз бен өнерімізді дамытуда, ұлттық құндылықтарымызды түгендеуде үлкен еңбек жасап, көптің құрметіне бөленгені мәлім. Өңіріміздің ғана емес, тұтас еліміздің мәдениет жанашыры, қазақ елінің рухани көшбасшысы бола білген Өзбекәлі Жәнібектей аталарының өмір жолымен таныссын деген ниетпен оқушылар Санжар Керімбайдың «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабын оқып, сол бойынша эссе жазу туралы бастама көтерген еді қала басшысы Әмірхан БІРКЕНҰЛЫ. Өзбекәлі Жәнібектей біртуар тұлғаның мағыналы ғұмыры, ел игілігі үшін жасаған еңбегімен танысқан жастарымыз әрі қарай Өзағаңның кесенесіне барып, рухына тағзым етті.

***Жалғасы 4-ші бетте***



## *Құрметті қала тұрғындары! Қадірменді жерлестер!*

*Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан Халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Еліміз аман, халқымыз тыныш, бейбітшілігіміз баянды болсын!*

*Жүзден астам ұлттың панасы, бейбітшілік пен келісімнің символы болған Қазақстан үшін 1 мамыр – ерекше мейрам. Қазақстан халқының бірлігі күні қонақжай халқымыздың дархан мінезін, жайдарлы көңілін баршаға паш ететін тамаша мереке. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» деген қағиданы берік ұстанған дана халқымыз әрқашан да бірліктің құнын жақсы білген. Содан да болар, ортақ мақсатқа, яғни, еліміздің гүлденуіне үлес қосып келе жатқан өзге ұлт өкілдеріне әрқашан да құрметпен қарайды.*

*Түрлі қиын кезеңдерде елімізден пана іздеп келген көптеген ұлт өкілдерін мейірімі кең қазақ халқы сыртқа теппеді, бауырына басты, өзіне жетпей жатса да, бір нанды бөліп жеді. Сөйткен зұлмат заман артта қалып, қиындықта қазақтың жақсылығын көріп, бүгінгідей мамыражай күнге жеткен өзге ұлт өкілдері бір атаның баласындай ауызбіршілікте ғұмыр кешуде.*

*Шағын ғана Арқалығымыздың өзінде ондаған ұлт пен ұлыс өкілдері тату тәтті өмір сүріп қана қомай, қаламыздың дамуы жолында, сан салада еңбек етуде.*

*Біз бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолына жұмылған қуатты елімізде – қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық – ең жоғары байлығымыз екенін есте сақтауымыз парыз. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету әрбір Қазақстан азаматының міндеті болып табылады.*

*Олай болса, баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтай отырып, баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін. Ынтымақ пен бірлікті ту еткен Егеменді еліміздің ғұмыры мәңгілік болғай!*

**Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ**

## *Уважаемые жители города! Дорогие земляки!*

*От чистого сердца поздравляю вас с 1 мая, Днем единства народа Казахстана! Пусть наша страна будет благополучной, народ живет в спокойствии, а мир будет незыблемым!*

*Для Казахстана, являющегося домом для более чем ста этносов и ставшего символом мира и согласия, 1 мая является особенным праздником. День единства народа Казахстана выступает прекрасным праздником, демонстрирующим всем щедрую душу и жизнерадостный настрой нашего гостеприимного народа. Наш мудрый народ, твердо придерживающийся принципа «Единство является началом благополучия, а мирная жизнь залогом успеха», всегда хорошо знал цену сплоченности. Наверное, поэтому он всегда с уважением относится к представителям других национальностей, которые вносят свой вклад в общую цель: процветание нашей страны.*

*В разные тяжелые времена милосердный казахский народ не оттолкнул представителей многих национальностей, искавших убежища в нашей стране, принял их как родных и делился последним куском хлеба. Те суровые времена остались позади, и представители других этносов, познавшие доброту казахов в трудную минуту и дожившие до сегодняшних мирных дней, живут в согласии словно дети одного отца.*

*Даже в нашем небольшом Аркалыке представители десятков наций и народностей не только живут в мире и согласии, но и трудятся в самых разных сферах на благо развития нашего города.*

*Искренне поздравляя всех с 1 мая, Днем единства народа Казахстана, желаю вам крепкого здоровья, а вашим семьям благополучия и счастья. Пусть будет вечным и незыблемым суверенитет нашей страны, поднявшей знамя солидарности и единства!*

**Аким города Аркалыка Амирхан АСАНОВ**

# Вопросы граждан взяты на контроль

**Очередной прием граждан по личным вопросам провел аким города Аркалыка Амирхан АСАНОВ.**

В ходе приема были рассмотрены актуальные социально-бытовые проблемы населения. Всего на встречу записались 17 человек, каждый из которых озвучил свои обращения и предложения. Большинство поднятых вопросов касались жилищной сферы. Жители обращались по поводу получения жилья, продвижения очереди на квартиру, а также предоставления поддержки социально-уязвимым гражданам. Это в очередной раз подтверждает высокий спрос на жилье в городе. Среди обратившихся были пенсионеры, безработные граждане, люди с инвалидностью и многодетные матери. Каждое обращение было рассмотрено индивидуально, профильным отделам даны конкретные поручения. Аким города внимательно выслушал всех заявителей и подчеркнул, что решения будут приниматься в рамках действующего законодательства.

Одна из жительниц, являющаяся многодетной матерью, обратилась с просьбой о предоставлении жилья, отметив, что уже длительное время стоит в очереди. Другой заявитель рассказал о тяжелом заболевании дочери и попросил содействия в улучшении жилищных условий. Подобные социально-значимые вопросы взяты на особый контроль. Также в ходе приема были подняты вопросы городской инфраструктуры. Жители говорили о необходимости благоустройства дворов многоквартирных домов, асфальтирования подъездных дорог, ремонта подъездов, модернизации электросетей и очистки подвальных помещений. По словам граждан, техническое состояние ряда домов требует срочного вмешательства.

Так одна из жительниц сообщила о затоплении подвала и ухудшении санитарного состояния. Попросив провести очистку и дезинфекцию. Другой заявитель указал на изношенность лестничных пролетов в подъезде и необходимость ремонта. Эти обращения свидетельствуют о необходимости системной работы в сфере жилищно-коммунального хозяйства. Поднимались и вопросы безопасности. Один из жителей попросил установить камеру видеонаблюдения у подъезда, так как соседи оставляют мусор в неположенном месте. Данное обращение направлено на рассмотрение соответствующим службам.

Отдельное внимание было уделено состоянию дорог. Один из граждан пожаловался на неудовлетворительное состояние улицы, другой – на ежегодные раскопки возле жилого дома без последующего восстановления покрытия. По этим вопросам будет усилен контроль за деятельностью подрядных организаций. В ходе приема прозвучали и предложения культурно-исторического характера. Так, один из жителей выступил с инициативой установить памятную табличку в честь людей, принимавших участие в открытии месторождения бокситов. Предложение принято к рассмотрению и будет направлено в профильные органы.

Также поднимались вопросы замены электросчетчика в квартирах, ремонта балконов, протечки кровли и облицовки фасадов зданий. Все обращения зафиксированы и переданы ответственным специалистам. Аким города по каждому вопросу дал разъяснения и поручения. Часть проблем была решена на месте, более сложные – направлены на дополнительное рассмотрение. Все обращения взяты на контроль и будут решаться в установленном порядке.

**«АХ»**

# Завершился отопительный сезон 2025-2026 годов

**В ночь с 26 на 27 апреля 2026 года завершился отопительный сезон 2025-2026 годов.**

Распоряжение за №22-р от 23.04.2026 г., было подписано акимом города Аркалыка Амирханом АСАНОВЫМ. В документе, в частности говорится, что в соответствии со статьей 33 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республики Казахстан»: отопительный сезон 2025-2026 годов завершить с 00-00 часов 27 апреля 2026 года по всем объектам города.

Далее были даны следующие поручения. Государственному коммунальному предприятию «Аркалыкская теплоэнергетическая компания» акимата города Аркалыка произвести остановку Аркалыкской ТЭЦ, котельных в микрорайоне Молодежный и Костанайских южных электрических сетей, села Ашутасты и подготовить магистральные, разводящие, внутриквартальные тепловые сети города к проведению гидравлических испытаний и последующему ремонту.

Государственному учреждению «Отдел образования города Аркалыка» Управления образования акимата Костанайской области поручено было также завершить отопительный сезон 2025-2026 годов по отдельно стоящим котельным с 00-00 часов 27 апреля 2026 года.

Кроме того, товариществу с ограниченной ответственностью «Искер-Аркалык» (по согласованию) и руководителям предприятий, организаций поручено провести отключение отопительных систем зданий, сооружений и подготовиться к проведению гидравлических испытаний. Контроль за исполнением настоящего распоряжения был возложен на курирующего заместителя акима города.

В свою очередь руководитель ГКП «Аркалыкская ТЭК» Жасулан АБДРАХМАНОВ на основании вышеуказанного распоряжения издал приказ от 24.04. 2026 года за №138 «О завершении отопительного сезона 2025-2026 годов». Приказ распространяется на ряд ответственных лиц, на которых возложены обязанности по остановки котельных установок и тепловых сетей. В частности начальнику производства Аркалыкской ТЭЦ Аскербеку АЛЬМАГАНБЕТОВУ было поручено произвести остановку теплоэлектроцентрали с указанного времени суток по специальным мероприятиям. Начальнику тепловых сетей Талгату ДУЙСЕНБАЕВУ поручено произвести остановку котельных микрорайона Молодежный, села Ашутасты и села Родина.

Ко всему, начальнику производства Аркалыкской ТЭЦ Аскербеку Альмаганбетову и начальнику тепловых сетей Талгату Дуйсенову дано указание подготовиться к проведению гидравлических испытаний на прочность и плотность тепловых сетей. Остается добавить, что контроль за исполнением настоящего приказа был возложен на исполняющего обязанности заместителя директора ГКП «Аркалыкская ТЭК» Батыра БЕКЕШЕВА.

**Пресс-служба ГКП «Аркалыкская ТЭК»**



# Юбилейная спартакиада определила лучших

**В честь юбилея города: итоги городской спартакиады среди трудовых коллективов**

В период с 18 по 26 апреля в Аркалыке состоялась городская спартакиада среди предприятий, учреждений и организаций города, приуроченная к 70-летию со дня основания Аркалыка.

К участию в соревнованиях свои команды сформировали представители городской администрации, средней школы №4 имени Кейки батыра, Учреждения №41, АО «НК «Қазақстан темір жолы», Аркалыкской региональной больницы, городского отдела образования, ГКП «Костанайюжэлектросервис», сборная команда колледжей города, детско-юношеского центра «Жас ұлан», а также сборная учреждений культуры. Основная площадка спартакиады, включая церемонии открытия и закрытия, была развёрнута на базе спортивного комплекса «Қазақстан». Соревнования по шахматам прошли в городском Дворце культуры, по плаванию — в ДЮЦ «Жас ұлан».

На протяжении недели участники демонстрировали спортивное мастерство в десяти дисциплинах: мини-футболе, дартсе, лёгкой атлетике, шахматах, плавании, настольном теннисе, волейболе, гиревом спорте, армрестлинге и перетягивании каната. Наибольший интерес у зрителей вызвали матчи по мини-футболу и волейболу, сопровождавшиеся активной поддержкой болельщиков. В шахматах и дартсе участники продемонстрировали выдержку и высокий уровень мастерства, соревнования по лёгкой атлетике и плаванию позволили в полной мере оценить физическую подготовленность спортсменов.

По итогам общекомандного зачёта победителем спартакиады стала команда железнодорожников, набравшая 164 очка и занявшая первые места в пяти видах спорта. Команда-победитель была удостоена денежного приза в размере 180 тысяч тенге. Второе место заняла команда Центра дополнительного образования — 126 очков, первые места в трёх дисциплинах, приз 150 тысяч тенге. Третье место с результатом 122 очка завоевала команда СШ №4 имени Кейки батыра, особо отличившаяся в перетягивании каната и награждённая призом в размере100тысячтенге. По завершении соревнований состоялась торжественная церемония награждения, в ходе которой победителям и призёрам были вручены кубки, медали и денежные призы. Организатором мероприятия выступил отдел физической культуры и спорта акимата города Аркалыка.

Спартакиада стала значимой общественной инициативой, объединившей коллективы организаций различных отраслей и внёсшей весомый вклад в продвижение здорового образа жизни среди горожан.

В целом городская спартакиада стала не просто спортивным событием, а значимой общественной инициативой, объединившей коллективы организаций различных отраслей. Подобные мероприятия играют важную роль в формировании здорового и активного общества и, без сомнения, станут доброй традицией в жизни города.

***Виталий САЯПИН***



# Үш тілді меңгерген мемлекеттік қызметші

**Қостанай облыстық мәдениет басқармасы мен «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен үш тілді меңгерген мемлекеттік қызметшілер арасында «Тіл шебері» облыстық байқауы өтті.**

Мазмұны бай, тағылымы терең бұл шара – мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, көптілді, білімді әрі бәсекеге қабілетті жас мамандарды қолдауға бағытталған маңызды мәдени-танымдық бастама. Бұл байқау кәсіби біліктілік пен тілдік шеберлікті ұштастырған тағылымды алаң ретінде ерекшеленді.

Байқауға облыстың әр өңірінен іріктеліп келген қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген мемлекеттік қызметшілер қатысып, өзара білім мен біліктілік тұрғысынан бақ сынады. Қатысушылар үш тілде еркін ой өрбітіп, бірнеше кезең бойынша жан-жақты қабілеттерін көрсетті.

«Тіл шебері» кезеңінде үміткерлер үш тілді меңгерудің мәні мен маңызын терең талдап, оның мемлекеттік қызметтегі рөлі мен кәсіби даму жолындағы мүмкіндіктерін мазмұнды эсселер арқылы ашып көрсетті. Бұл кезеңде олардың тіл байлығы, сауатты жазу мәдениеті, ой ұшқырлығы мен талдау қабілеті айқын көрініс тапты.

«Мемлекеттік тілді дамытуға қосқан үздік жоба» кезеңінде қатысушылар өз салалары бойынша қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған нақты әрі өміршең бастамаларын ұсынды. Ұсынылған жобалар мемлекеттік тілдің қоғамдық және кәсіби ортадағы рөлін нығайтуға бағытталған тың идеяларымен ерекшеленді. «Үздік цифрлы контент» кезеңінде қатысушылар заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалана отырып, сапалы әрі мазмұнды аудиовизуалды өнімдер әзірледі. Бұл олардың цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейін, шығармашылық ізденісі мен жаңашыл көзқарасын айқын көрсетті.

Аталған байқауда қаламыздың намысын қорғаған «Арқалық қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бас маманы Бекзат Әбдімәлік ерекше дайындық деңгейімен көзге түсіп, жүлделі II орынды иеленді. Бекзат Азаматұлы үш тілде еркін, әрі әсерлі сөйлеу шеберлігімен, терең білімімен және кәсіби сауаттылығымен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Бұл – оның табандылығы мен үздіксіз еңбегінің, білімге деген құштарлығының жарқын нәтижесі.

Жалпы, «Тіл шебері» байқауы – мемлекеттік қызметшілердің тілдік құзыреттілігін арттырып қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына серпін беретін, кәсіби және рухани тұрғыдан шыңдайтын тағылымды жоба. Осындай мазмұнды шаралар алдағы уақытта да жалғасын тауып, көптілді, ойы озық, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға өз үлесін қоса беретіні сөзсіз.

**Махаббат ӘМІР,**
**Тілдерді оқыту орталығының әдіскері**

# Ғылым мен тәжірибе тоғысқан олимпиада

**Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» кафедрасы «Болашақ психолог: ғылым мен тәжірибе тоғысындағы ізденіс» атты олимпиада өткізді.**



Болашақ психологтардың кәсіби-коммуникативтік, ғылыми-зерттеу және практикалық дағдыларын дамыту, психология ғылымы мен практикасын ұштастыру арқылы заманауи маман бейнесін қалыптастыру мақсатындағы олимпиадаға мектептердің педагог-психологтері мен 9-11 сынып оқушыларынан құралған 13 команда қатысты.

Олимпиада студенттердің өнерімен салтанатты түрде басталды. Үш кезеңнен тұратын жарыс форматы қатысушылардың тек теориялық білімін емес, сонымен қатар, олардың креативті ойлау қабілетін де толық ашты. Алғашқы «Таны-сайық» кезеңінде инстаграм платформасы арқылы мамандыққа деген мотивация мен құндылықтардың заманауи визуалды тілде ұсынылуы — цифрлық психологияның даму бағыттарына сай келді.

Кейс стади технологиясын практикалық шешу кезеңінде эмоционалдық интеллект, буллинг және инклюзивті білім беру сияқты жаһандық деңгейдегі өзекті мәселелердің талқылануы жобаның ғылыми тереңдігін көрсетті. Әсіресе, жасөспірімдердің интернетке тәуелділігі мен стрестік жағдайларды жеңу жолдарын зерттеу — қазіргі қоғамның сұранысына тікелей жауап береді.

Бағдарламаның үшінші кезеңіндегі кино-талдау бөлімі қатысушылардың психологиялық-педагогикалық жағдаяттарды кәсіби тұрғыдан сараптау шеберлігін шыңдады. «Менің атым Қожа», «Жердегі жұлдыздар» және «105» сериалы сияқты туындылар арқылы кейіпкерлердің ішкі әлеміне терең бойлау — болашақ психологтардың эмпатиялық қасиеттерін дамытуға ықпал етті. Бағалау критерийлерінің айқындылығы мен SMART қағидасына негізделген әдістемелік - шараның академиялық деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

Нәтижесінде бас жүлдені Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектебінің «ПсихоMIX» командасы жеңіп алды. Қатысқан барлық команда мүшелері марапатталып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Олимпиада соңы педагогика және психология білім беру бағдарламасының жетекшісі, қауымдастырылған профессор, PhD А.Ж. Қасаболат мектеп психологтарымен «Жасөспірімдермен жұмыстағы кәсіби тұрақтылық: Супервизия мен интервизияның практикалық рөлі» тақырыбында дайындаған семинармен жалғасты. Супервизия мен интервизияның практикалық рөліне арналған бұл семинар жасөспірімдер психологиясындағы ең өзекті мәселелерді, атап айтқанда, деструктивті мінез-құлық пен гаджетке тәуелділікті терең талдауға мүмкіндік берді. Шара барысында психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және эмоционалдық жанып кетудің алдын алу мақсатында супервизия мен интервизияның маман дамуындағы айырмашылықтары нақтыланды. Интервизиялық топ аясында «Білмеймін» деген қарсылықты жеңу үшін арт-терапия мен метафоралық карталар (МАК) сияқты коллаборативті әдістерді қолданудың тиімділігін мектеп психологтері тәжірибе арқылы көрсетті. Командалық жұмыс пен коммуникативтік дағдылардың назарға алынуы — заманауи психологиядағы әлеуметтік интеллектінің рөлін айқындап берді.

Олимпиаданың өтуі мектеп психологтары мен оқушылар арасындағы байланысты нығайтып, кәсіби бағдар беру жұмысына жаңа серпін берді. Әдістемелік шешімдері мен бағдарлама құрылымындағы логикалық біріздідік халықаралық стандарттарға толық сәйкес келеді. Осындай іс-шаралар болашақ психологтардың ғылыми ізденіске деген құштарлығын оятып, олардың шығармашылық әлеуетін арттырады. Психологиялық практикаларды ұлттық білім беру контекстіне бейімдеу — осы олимпиаданың басты жетістігі. Арқалық педагогикалық университетінің бұл бастамасы еліміздегі психологиялық қызметтің сапасын көтеруге бағытталған батыл қадам.

Бұл олимпиада — теория мен практиканы ұштастырған, болашақ мамандардың кәсіби бейнесін қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағдарламаның сәтті жүзеге асырылуы Қазақстанның білім беру жүйесіндегі инновациялық бағыттардың дұрыс таңдалғанын көрсетеді.

**Зияда АЖИБАЕВА,**
**Педагог-психолог, магистр**

# Кітап оқудан сайысты

**«Кітап Оқитын ұлт» жобасы елімізде өткен жылы алғаш рет қолға алынып, қыркүйек айынан бері Қарағанды, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында қанатты жоба ретінде жүзеге асырылғаны белгілі.**

Айтулы жобаға Арқалық қаласынан бірнеше бағыт бойынша қатысушылар тіркеліп, оның ішінде әсіресе ұстаздар мен оқушылар жоғары нәтиже көрсетті.

«Кітап оқитын ұлт» жобасының «Кітап оқитын педагог» бағыты бойынша қаламыздан 422 педагог тіркелсе, «Кітап оқитын мектеп» аясында 1 527 оқушы бақ сынады. Ал, «Кітап оқитын әулет» бағыты бойынша 190 әулет тіркеліп, кітап оқыған. Мұан бөлек, «Кітап оқитын мемлекеттік қызметші» және «Кітап оқитын колледж» салалары бойынша да үміткерлер қатысты.

*Жалғасы 4 бетте*

Басы 1-ші бетте

# Түркістан сапары - тәрбиелік мәні зор шара



Аталған эссе байқауының жеңімпазы – жүлдегерлерінен құралған 25 оқушыны алып, қала әкімі Әмірхан АСАНОВ, Арқалық қалалық мәслихатының төрағасы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА, Арқалық қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Түбекбай ӘУБӘКІРОВ, қадірлі қариялар, мешіт имамы, бірқатар бөлім басшылары, БАҚ өкілдері, белсенді жастардан құралған 50 –ден астам адамнан құралған делегация 5 көлікпен жолға шықты. Алда екі жарым мың шақырым жол, 4 күндік сапар.

«Айтулы сапарымызға демеушілік танытып отырған азаматтарымызға ризашылығымды білдіргім келеді. Бізге қолдау көрсеткен «Церера» ЖШС -нің басшысы ИБРАЕВ Ұзақ СЕРІКҰЛЫ мен «Самрұқ Холдинг 2030» ЖШС -нің директоры СЕЙТЖАНОВ Еркін МҰЗАФАРҰЛЫНА сіздердің аттарыңыздан, өз атымнан үлкен алғысымды айтамын. Жастарымыз ұлы тұлғалардың рухына тағзым етіп, тарихи – мәдени орындарды аралап, таным көкжиегін кеңейте отырып, болашақта еліне қызмет етер жақсы азамат болып өсіп шықса деген мақсатымыз бар», -деді қала әкімі Әмірхан АСАНОВ сапарға аттанар алдындағы салтанатты шарада.

Киелі Түркістан жері тарихы терең, көптеген құнды мәдени мұраларымыз сақталған, бірқатар ұлы тұлғаларамыз мәңгілік пана тапқан жер. Сапар барысында делегация өкілдері осындай тарихи – киелі мекендерде болып, көптеген тарихи мәліметтерге қанықты.

Делегация алдымен Ұлытау облысындағы Жошы хан мұражайында болып, тарихи тұлға жайлы деректерге ден қойды.

«Бұл кешен 2021 жылы ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен ашылған. 2022 жылы алғашқы Ұлттық Құрылтай осы жерде өткен. Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВ бастаған экспедиция жолға шығады дегенде өзіміздің ұсынысымызды айтқан едік. Сапардың жол бойы Ұлытау өңіріне түскенімен осы өңірдің төлқұжаты іспетті Жошы хан кесенесіне ат басын бұрса деген ойымыз болды. Біздің Серке театрының да Арқалықпен тығыз байланысы бар. Өйткені,ең алғаш Серке театрын Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз сол жерде ашып, алғашқы қойылымын қойған болатын», -дейді Серке Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық драма театрының директоры Досхан СӘКЕНҰЛЫ.







Түркістан жеріндегі Арсытанбаб, Өзбекәлі Жәнібек, Қожа Ахмет Ясауй кесенелерінде, басқа да бірқатар киелі орындарда болды. Отырар ауданындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №4 лицейге ат басын бұрып, оқу орнының тыныс – тіршілігімен етене танысты.

Кездесуде Отырар ауданы әкімінің орынбасары Айдос ҚҰЛМАХАНОВ, Өзбекәлі Жәнібектің қарындасы Айғаным СЕРІМДЕР тарихын тану жоында арнайы сапарға шыққан Арқалық делегациясына ризашылықтарын білдіріп, сый – құрметтерін көрсетті. Лицей оқушылары қойылымдарын ұсынып, Арқалықтан барған жас таланттар да өнерлерін ортаға салды. Өзағанның ұсынысымен Шәмші Қалдаяқов әнін, Мұхтар Шаханов сөзін жазған «Арқалықтың ақ таңы» әні әуеленді.

Әрі қарай делегация өкілдері Сауран қалашығын, әйгілі Отырар қаласының орындарындағы – Отырар қалашығын, Хилуеет жерасты мешіті мен шығыс моншасын, мың жылдық тұт ағашын көріп, Түркістан қаласының заманға сай түрлі мәдени бағдарламаларын тамашалады.

**«АХ»**

Басы 3-ші бетте

## Кітап оқудан сайысты

Б.Майлин атындағы №3жалпы білім беретін мектебінің 10-сынып оқушылары Перизат НҰРЛАН, Айдана ЕЛЕУБАЙ және Гаухар ЕЛДОС "Кітап оқитын ұлт" жобасының "Кітап оқитын мектеп" бағыты бойынша облыстық кезеңде 1-орынды жеңіп алып, ҚР Мәжіліс депутаты Асхат АЙМАҒАМБЕТОВТІҢ қолынан марапат алды.

Дәл осындай жетістікке Кейкі батыр атындағы №4 мектептің 9- сынып оқушылары Жанель ӘЛІМБЕК, Інжу МАҚСҰТБЕК және Жанерке ТӨЛЕУЛЕР де жетіп, облыстан 1- орын иеленді. Және 1 миллион теңге қаржылай сыйлықтың сертификаты табыс етілді.

Мұнан бөлек, "Кітап оқитын ұлт" жобасының облыстық кезеңінде "Кітап оқитын мектеп" бағыты бойынша Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебінің 7-сынып оқушылары Айару ЗАКЕН, Зере АЛПЫС, Ақпейіл ЖҰМАТАЙЛАР 3- орынды, Б.Майлин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушылары Әдемі МҰХТАР, Жазира ТӨЛЕГЕН, Жанбота КҮЗЕТБАЙ 2-орынды, сонымен қатар "Кітап оқитын педагог" бағыты бойынша қаламыздың ұстаздары Жұлдызай КӨКІШЕВА, Айнұр ҚҰЛЖАНОВА мен Ақмарал ШАЛДЫБАЙ 2-орынды олжалады. Байқаудың жеңімпаз – жүлдегерлерінің барлығына да қаржылай сыйлықтар берілді.

Айта кетсек, «Кітап оқитын ұлт» жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асуда. Жобаға жоғарыда аталған екі облыс пен бір қаладан 189 мыңнан астам адам қатысты. Олардың қатарында мемлекеттік қызметшілерден бөлек мектеп оқушылары, колледж және ЖОО студенттері, педагогтер, отбасылық династиялар бар.

# Сәлем!

№4(59)
1 мамыр
2026 жыл

Арқалық қаласы әкімдігінің білім бөлімі ҚББО баспа ұйымы





# Ұлттық ою-өрнек - өнер мен құндылықтың үндестігі

**Қосымша білім беру орталығында «Ұлттық құндылықтар» тақырыбында кең ауқымды, мазмұнды семинар ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға қаламыздағы мектеп мұғалімдері қатысып, ұлттық тәрбие мәселелерін жан-жақты талқылады. Семинардың басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жас ұрпақтың бойына салт-дәстүр мен рухани мұраны сіңіру жолдарын қарастыру болды.**

Семинар барысында қатысушылар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен ұлттық ерекшеліктері туралы ой қозғады. Әсіресе, қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау, оны жас ұрпаққа дұрыс жеткізу мәселесі кеңінен сөз болды. Мұғалімдер өздерінің білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды қалай енгізіп жүргені туралы тәжірибелерімен бөлісіп, тиімді әдіс-тәсілдерді ортаға салды.

Іс-шара барысында ұлттық өнер мен қолөнердің маңыздылығына ерекше көңіл бөлінді. Қазақтың ою-өрнектері – халқымыздың рухани дүниесінің айнасы екені атап өтіліп, әрбір өрнектің өзіндік мәні мен тарихы бар екені түсіндірілді. Осындай ұлттық мұраны заманауи тәсілдермен насихаттау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екені де айтылды.

Семинар аясында мен де белсенділік танытып, шығармашылық жұмысымды ұсындым. Мен тұз бен желімнің көмегімен этно оюларды бейнелеп, ерекше сурет жасадым. Бұл жұмыс дәстүрлі ою-өрнектерді жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік берді. Тұздың табиғи құрылымы суретке ерекше көркемдік әсер сыйлап, оюлардың айқын әрі әсерлі шығуына ықпал етті.

Бұл шығармашылық жұмыс мен үшін өте қызықты әрі пайдалы тәжірибе болды. Себебі, мен тек сурет салып қана қоймай, ұлттық ою-өрнектердің мағынасына терең үңіліп, олардың ерекшеліктерін түсіндім. Сонымен қатар, мұндай жұмыстар оқушылардың да қызығушылығын арттырып, олардың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға көмектеседі деп ойлаймын.

Қатысушы мұғалімдер де шығармашылық жұмыстарға жоғары баға беріп, мұндай тәсілдерді сабақ барысында қолдануға болатынын атап өтті. Бұл өз кезегінде оқыту процесін қызықты әрі тиімді етуге септігін тигізеді.

Қорытындылай келе, «Ұлттық құндылықтар» тақырыбындағы бұл семинар жоғары деңгейде өтіп, барлық қатысушылар үшін пайдалы әрі әсерлі болғанын айтқым келеді. Осындай тағылымды шаралар ұлттық мұраны дәріптеуге, оны келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге үлкен үлес қосады. Алдағы уақытта да осындай мазмұнды кездесулер жиі ұйымдастырылып, өз жалғасын табады деген сенімім мол.

**Бекзат ҚАБУСАҒИТОВ,**
**Қосымша білім беру орталығының педагогі**



# Ұлттық рух жаңғырған дода

**Арқалықта ұлттық рухты ұлықтаған «Бес асық» чемпионаты өтті. Арқалық өңірінде салауатты өмір салтын қалыптастыру мен бұқаралық спортты дамыту мақсатындағы қалалық жекелей чемпионат жоғары деңгейде ұйымдастырылды.**

Ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, жас ұрпақтың бойына рухани тәрбие сіңіруді көздеген бұл жарыстың басты мақсаты – тұрғындарды спортпен тұрақты айналысуға тарту, ұлттық ойындарға деген қызығушылықты арттыру және үздік спортшыларды анықтау болды. Чемпионат 16–35 жас және 35 жастан жоғары санаттар бойынша өткізіліп, жалпы 12 кезеңді қамтыды. Әр кезең тартысты да қызықты өтіп, қатысушылардың шеберлігі мен ептілігі сынға түсті. Жарыс барысында ұлттық ойынның ерекшелігі мен тәрбиелік мәні кеңінен көрініс тауып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Аталған додаға қосымша білім беру педагогтары Әмірханова Мейрамкүл Ермұханқызы мен Амантаева Рысбике Ақынжанқызы белсене қатысып, өз санаттары бойынша жоғары деңгейде өнер көрсетті. Нәтижесінде, екеуі де жүлделі II орынға ие болып, өздерінің кәсіби шеберліктері мен табандылықтарын дәлелдеді. Бұл – ұстаздардың тек білім беруде ғана емес, спорт саласында да үлгі бола алатынын көрсететін жарқын мысал.

Осындай игі шаралар ұлттық спорт түрлерін жаңғыртып қана қоймай, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуге және ұлттық мұраға деген құрметті арттыруға зор ықпал етеді. Арқалық өңірінде өткізілген бұл чемпионат – ұлттық ойындардың өміршеңдігін дәлелдеп, олардың келешекте де кеңінен дамитынына сенім ұялатады.

**Бағдат ТӨЛЕГЕН,**
**Қосымша білім беру орталығының спорт нұсқаушысы**

# «Папье-маше» техникасында арт - терапия әдісін қолдану

**Жуырда қосымша білім беру орталығында қалалық білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді.**

Аталған іс-шараның басты мақсаты – педагогтерге заманауи психологиялық-педагогикалық әдістерді таныстыру және тәжірибе алмасу болды.

Семинар аясында «Папье-маше техникасында арт-терапия әдісін қолдану» тақырыбы ерекше қызығушылық тудырды. Семинар барысында қатысушыларға «папье-маше» техникасының ерекшеліктері, оны арт-терапияда қолданудың тиімді жолдары жан-жақты



түсіндірілді. Теориялық бөлімде арт-терапияның адам психологиясына әсері, оның ішінде эмоциялық күйді тұрақтандырудағы маңызы айтылды.

*Жалғасы 7-ші бетте*

# Ұлттық құндылықтар ұлықталған семинар

**«Ұлттық құндылық – заманауи шығармашылық: қосымша білім берудегі үйлесімді даму» тақырыбындағы қалалық семинар жоғары деңгейде өтті.**




Бұл мазмұнды шараға қала және ауыл мектептерінің басшылары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен қосымша білім беру педагогтары қатысып, өзара тәжірибе алмасты.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтай отырып, заманауи білім беру кеңістігінде шығармашылық бағыттағы жұмыстарды дамыту, педагогтардың кәсіби шеберлігін шыңдау және тәжірибе алмасу алаңын қалыптастыру мақсатын ұстанған семинарда - «Білім мен тапқырлық алаңы» атты зияткерлік ойын қатысушылардың ерекше қызығушылығын тудырды. Ойын барысында педагогтар білімдерін саралап қана қоймай, тапқырлық пен шапшаңдықтың, ұйымшылдық пен шығармашылықтың үлгісін көрсетті.

Іс-шара «Өзіңе керегіңді ал!» тренингімен бастау алып, мұғалімдер жүрекшелерге жазылған жылы сөздерді таңдау арқылы бір-біріне ізгі ниеттерін білдірді. «Маған жету қайда?» тренингі қатысушылар арасында сенім мен сыйластықты арттырып, жылы қарым-қатынас орнатуға ықпал етті. Ал «Қимылды қайтала» сергіту сәті ұстаздарға ерекше көңіл-күй сыйлап, іс-шараның әрі қарай белсенді жалғасуына серпін берді. Зияткерлік сайыс кезеңдері де мазмұнға бай болды. «Кодталған сөздер» тапсырмасы ой ұшқырлығын талап етсе, «Домино» кезеңінде жұмбақтардың шешуін табу арқылы қатысушылар білімдерін шыңдады. Әсіресе, ұлттық бояуы қанық «Асық ойыны» көптің көңілінен шығып, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын жаңғыртуға мүмкіндік берді. «Кім тапқыр?» кезеңінде қатысушылар берілген сөздер арқылы өз ойларын жүйелеп жеткізсе, «Ертегі құрау» тапсырмасында шығармашылық қиялдарына ерік беріп, ерекше туындылар ұсынды. Бұл - ұстаздардың тек білімді ғана емес, сонымен қатар шығармашыл тұлға екенін айқын көрсетті.

Семинар соңында қатысушылар мақал-мәтелдер құрастырып, «Достық жеңген жерде – жүрек тыныш табады», «Жеңіс - өткінші, ал достық - мәңгілік мұра» деген тағылымды ойларды түйін етті. Бұл сөздер іс-шараның рухани мәнін тереңдете түсті.

Қорытынды бөлімде ұйымдастырушылар барлық қатысушыларға алғыс білдіріп, мұндай кездесулердің педагогтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтып, кәсіби дамуға үлкен үлес қосатынын атап өтті. Семинар соңында қатысушыларға білім бөлімінің сертификаттары табысталды. Бұл тағылымды жиын ұстаздарға шабыт сыйлап қана қоймай, ұлттық құндылықтар мен заманауи білімнің өзара сабақтастығын айқын көрсетті.Осындай игі бастамалар жалғасын тауып, білім беру саласының дамуына серпін беретіні сөзсіз.

**Инабат ЖӘМЕЛОВА,**
**педагог-ұйымдастырушы**



# Ұлттық ойындар - тәрбие құралы

**Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, оларды заманауи талаптармен ұштастыру – маңызды міндеттердің бірі.**

Осы бағытта қосымша білім беру орталығының жоспарына сәйкес «Ұлттық құндылық және заманауи шығармашылық: қосымша білім берудегі үйлесімді даму» тақырыбында әдістемелік семинар ұйымдастырылды.

Аталған семинардың негізгі мақсаты – ұлттық мұраларды дәріптеу арқылы оларды білім беру үдерісіне тиімді енгізу, сондай-ақ жас ұрпақтың рухани-мәдени дамуына ықпал ету болды. Шараға қала мектептерінің директорлары мен директордың орынбасарлары қатысып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Семинар барысында «Ұлттық ойын – дәстүр жалғастығы» тақырыбы аясында қазақ халқының бай мәдени мұрасынан сыр шертетін ұлттық ойын түрлері кеңінен таныстырылды. Қатысушылар тек тыңдаушы ғана емес, белсенді қатысушы ретінде ойындардың тәрбиелік мәнін ісжүзінде сезіне алды.

Атап айтқанда, тоғызқұмалақ, бестемше, бес кеней, бес атар, бес асық сынды ұлттық ойындар ойнатылып, олардың танымдық және тәрбиелік маңызы айқын көрсетілді. Бұл ойындар арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, шыдамдылық пен зеректікке баулу мүмкіндігі ерекше екені байқалды. Қатысушылар балалық шақтың қызықты сәттерін еске алып, ерекше әсерге бөленді.

Семинардың маңыздылығын арттыра түскен тағы бір жайт – облыстық «Дене тәрбиесі және қосымша білім беру өңірлік орталығы» спорт бөлімінің басшысы Носенко Владислав Викторовичтің қатысуы болды. Ол ұйымдастырылған шараға жоғары баға беріп, ұлттық ойындарды кеңінен насихаттау – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі екенін атап өтті.

Іс-шара барысында ұлттық ойындар легі садақ ату, таяқ тарту, қол тірес секілді сайыстармен жалғасын тауып, қатысушылардың қызығушылығын арттырды. Бұл кезең семинардың мазмұнын жандандырып, ерекше серпін берді.

Жалпы алғанда, семинар өз мақсатына толық жетіп, ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен оларды заманауи білім беру жүйесінде тиімді қолданудың нақты үлгісін көрсетті. Мұндай тағылымды шаралар ұрпақ сабақтастығын нығайтып, ұлттық рухты асқақтатуға зор үлес қосары сөзсіз.

**Мейрамкул ӘМІРХАНОВА,**
**Қосымша білім беру педагогі**

# Педагогтар ұйымшылдығы – табыстың кілті

**Жуырда өткен семинар аясында педагогтар арасындағы кәсіби ынтымақтастықты арттыруға бағытталған тренинг сабағы ұйымдастырылды.**




Іс-шараның негізгі мақсаты – ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырып, өзара сенім мен қолдауды нығайту, сондай-ақ тиімді қарым-қатынас мәдениетін дамыту болды.

Тренинг «танысу және жақын қарым-қатынас орнату» кезеңінен басталды. Қатысушылар бір-бірімен әртүрлі тәсілдер арқылы амандасып, жағымды көңіл-күй орнатты. Бұл кезең ұжымда еркіндік пен сенімді атмосфера қалыптастыруға ықпал етті. Келесі кезеңде топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Педагогтар бірнеше топқа бөлініп, ортақ мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды орындады. Әр топ өз идеяларын ұсынып, бірлесе жұмыс істеудің маңыздылығын түсінді.

Сонымен қатар, тренинг барысында түрлі рөлдік ойындар мен практикалық жаттығулар өткізілді. Бұл тапсырмалар педагогтарға күнделікті жұмыс барысында кездесетін жағдайларды тиімді шешуге, бір-бірін тыңдауға және қолдауға үйретті. Соңында кері байланыс ұйымдастырылып, қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті. Көпшілік мұндай тренингтердің ұжымдағы бірлікті арттырып, кәсіби дамуға үлкен әсер ететінін атап өтті.

Қорытындылай келе, өткізілген тренинг педагогтар арасындағы ұйымшылдықты нығайтып, өзара сенім мен қолдауды күшейтуге ықпал еткенін айтуға болады. Мұндай іс-шаралар білім беру сапасын арттырудың маңызды құралы болып табылады.

**Камшат ЖЕНАЕВА,**
**Жазира ТОНАШИНА,**
**Қосымша білім беру педагогтары**

# Жанында жүр жақсы адам

Қоғамның ең үлкен байлығы – адамгершілік пен мейірім. Әсіресе, бүгінгі таңда ерекше балалардың да болашағына бей - жай қарамай, қол ұшын созып жүрген жандардың еңбегі зор. «Жанында жүр жақсы адам» деген тақырып осы игі істің айқын дәлелі іспетті. Халқымызда «Жерде бір жетім жыласа, көктегі періштенің жаны түршігеді» деген қанатты сөз бар. Бұл – әрбір адамның жүрегінде мейірім мен жанашырлық болуы керектігін білдіретін терең мағыналы өсиет.



Мектеп өмірінде түрлі тәрбиелік мәні зор акциялар мен іс-шаралар жиі ұйымдастырылып тұрады. «Жақсының жақсылығын айт - нұры тассын» дегендей, игі бастамалар барысында демеушілік танытып, ерекше балаларға ерекше қолдау көрсетіп жүрген азаматтарымызды атап өткіміз келеді. Солардың қатарында «Жүрек жылу-2021» қоғамдық қайырымдылық қорының төрағасы Нұрманов Қаратай Әбдіхамитұлы, Арқалық қалалық Мухтасиб Әлмұхаммед мешітінің бас имамы Шайкемелов Балғабай Оразханұлы және Арқалық қаласы бойынша «Доброцен» сауда дүкендері желісінің басшысы Кособуцкая Анна Викторқызы бар.

Аталған жандар арнайы мектеп оқушыларына үнемі демеушілік жасап келеді. Әсіресе, ерекше балаларға, оның ішінде жетім және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға оқу жылының басында оқу құралдары мен мектеп формасын алып беріп, қаржылай және заттай көмек көрсетті. Бұл – балалардың білім алуына жасалған үлкен қолдау.

Сонымен қатар, жаңа жыл мерекесі мен Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамында мектеп оқушыларына тәттілер таратып, олардың жүздеріне қуаныш сыйлады. Ал өткен жылы 1 маусым – Балаларды қорғау күні қарсаңында қаламыздың мешіті тарапынан оқушыларға азық-түлік пен жеміс-жидектер үлестірілді.

Мектеп оқушыларының облыстық «Шексіз балалық шақ» фестиваліне қатысуына да демеушілер тарапынан қаржылай көмек көрсетілді. Нәтижесінде оқушыларымыз спорттық жарыстарда, ән мен би өнерінде жүлделі орындарға ие болып, үлкен жетістіктерге жетті. Атап айтар болсақ: облыстық фестивальдің «Вокалдық орындау» номинациясы бойынша: Айша Жолтай 1 орынды иеленіп, Қостанай қаласында өткен іріктеу кезеңінің гала концертін ашып берді - жетекшісі Ж.А. Құлмағамбетова.

«Көркем сөз» номинациясы бойынша: Нұрайлым Қуандық Қасым Аманжоловтың «Туған жер» өлеңін оқып, 1 орынды жеңіп алды - жетекшісі А. М. Абдрахманова. «Хореграфия» номинациясы бойынша: «Батырлар» би тобы, «Арғымақ» биімен 2 орынды олжалады. Жетекшісі И.Г. Зайко. Сондай ақ, Ж. А. Құлмагамбетованың жетекшілігімен «Аспаптық» биімен 3 орынды қанжығалады. Мұнымен бірге, Арқалық арнайы мектеп-интернаты командасы облыс мектептері арасында дойбыдан 1 орын иеленіп қайтты, жетекшілері - Б.А. Аубакиров және Н.Т. Қапенов.

Бұл нәтиже – демеушілердің қолдауы мен балалардың талпынысының жемісі. Осындай жанашыр жандарға алғыс білдіру мақсатында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған Арқалық арнайы мектеп-интернатында арнайы іс шара ұйымдастырылды. Қонақ ретінде шақырылған демеушілерге мектеп басшысы Айгүл Аубакирова мектеп ұжымы атынан ризашылығын білдіріп, «Алғыс хаттар» табыстады. Сонымен қатар, оқушыларымыздың өз қолдарымен жасаған бұйымдарын сыйға тартты. «Шексіз балалық шақ» фестивалінде жүлдегер атанған оқушылар өнер көрсетіп, қонақтардың көңілін көтерді.

Осындай игі істерді көргенде, жүрекке жылулық ұялайды. Расында да, қайырымдылық – адамзаттың асыл қасиеті. Бұл орайда мына бір өлең жолдары ойға оралады:

Мұқтаж көрсең жебей жүр,
Қолтығынан демей жүр.
Қол ұшын берсең, азамат,
Алладан болар шапағат.

Жақсылық жасау – әр адамның қолынан келетін іс. Ендеше, айналамыздағы жандарға қамқор болып, мейірімділік танытайық. Себебі, жанында жүр жақсы адам - қоғамның ең үлкен тірегі.

**Жазира ҚАПАРОВА,**
**Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған Арқалық арнайы мектеп-интернаты басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

*«Адамның ұлылығы – оның тектілігінде, ал тектілігі – артында қалған өнегесінде»*

## Сенің жарқын бейнең – мәңгі жүректе
**(Саржанов Серік Алшынбайұлын еске алу)**

Жақында асыл әкеміз — **Саржанов Серік Алшынбайұлының** өмірден өткеніне бір жыл толады. Уақыт өткен сайын әкемнің орны жүрегімізде бұрынғыдан да терең сезіледі. Бұл – тек бір жыл емес, бұл – сағынышқа, естелікке, үнсіз мұңға толы уақыт.



Біз үшін әкеміз тек қамқор әке ғана емес, нағыз дос, ақылшы, ұстаз болды. Оның әрбір сөзі мен ісі – біз үшін өмірлік өнеге болып қалды.

Әкеміз әділдіктің, мейірім мен адамгершіліктің үлгісі еді. Әрқашан дұрыс жол көрсетіп, әр ісімізге бағыт-бағдар беріп отыратын. Өмірдің әр белесінде «Әкем болса, не айтар еді?», - деп, оның айтар ақылын саралаймыз. Оның әрбір кеңесі мен демеу сөзі жадымызда мәңгі сақталады.

Анамыз үшін бұл қаза орны толмас қайғы болды. Анам әкемізді ерекше сағынышпен еске алады. Бірге өткізген жылдары, ортақ қуаныш пен қиындыққа толы сәттері – бәрі жүрегінде сақталуда. Таң атып, күн батып жатса да, әкеміздің бейнесі көз алдында. Сағыныш пен мұң анамыздың жүрегінде мәңгілік орын алды...

Әкем бауырлары мен ағайын-туысы үшін тірек, ақылшы, қорған болды. Іні-қарындастарына жол көрсетіп, әрқайсысына бірдей мейіріммен қарап, үлкендік өнеге танытты. Оның жылы сөзі мен қамқорлығы жақындарының жадында мәңгі сақталады.

Әкеміз тек отбасы үшін емес, айналасындағы адамдар үшін де ерекше жан еді. Көзінің тірісінде әкемнің жайсаң мінезі мен мейірімді жүрегі мені көп таңғалдыратын еді. Бойында тектілік пен даналықты ұштастырған ол көмек сұраған әрбір адамға қол ұшын созатын. Оның кең жүрегі мен ақ пейілі көптеген адамның жүрегінде із қалдырды.

Әкем білім саласында 30 жылдан астам уақыт табысты еңбек етті. Білім саласындағы қызметімен қатар, ол қоғамдық өмірге де белсене араласып, қалалық мәслихат хатшысы, сондай-ақ екі мәрте қалалық депутат ретінде ел сенімін ақтады.

2007 жылдан бастап өмірінің соңына дейін Қазтұтынуодағы Арқалық көпсалалы колледжінің директоры қызметін абыроймен атқарып, оқу орнының дамуына зор үлес қосты. Мыңдаған студенттерді үлкен өмірге жолдап, олардың арманына қанат бітіре білді.

Әкемізден қалған жарқын естеліктер мен өнегелі істер – біз үшін мәңгілік мұра. Оның есімі ел аузында әрдайым құрметпен аталады.

Әке, бақытты балалық шағымыз үшін, берген тәрбиең мен білімің үшін, «Қандай жағдай болса да, адамдық қасиетіңді сақта» деп өсірген үлгі-өнегең үшін рақмет. Сенің балаларың болу – біз үшін үлкен құрмет. Сенің жарқын бейнең жүрегімізде мәңгі сақталады.

Жаралы жүрек тек өзіңді сағынумен өтіп жатыр...

**Мәңгілік сағынышпен – отбасы.**

*Басы 5-ші бетте*

## «Папье-маше» техникасында арт - терапия әдісін қолдану

Сонымен қатар, мұғалімдер бұл әдісті оқу-тәрбие процесінде қолданудың артықшылықтарымен танысты. Практикалық бөлімде ұстаздар «папье-маше» техникасын өздері жасап көрді. Қатысушылар қағазды жыртып, желімдеп, түрлі пішіндер құрастырып, шығармашылық жұмыстар орындады. Бұл процесс барысында әр мұғалім өз эмоциясын еркін білдіріп, шығармашылық қабілетін шыңдауға мүмкіндік алды. Көпшілік бұл әдістің қарапайымдылығына қарамастан, психологиялық тұрғыдан өте тиімді екенін атап өтті. Семинар кезінде топтық жұмысқа да ерекше көңіл бөлінді. Мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей отырып, өзара пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісті. Нәтижесінде қатысушылар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптасып, ұжымдық ынтымақтастық нығая түсті.

Іс-шара соңында қатысушылар папье-маше техникасын сабақ барысында, сыныптан тыс жұмыстарда және оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту сабақтарында қолдануға болатындығын атап өтті. Олар бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытып қана қоймай, олардың эмоциялық жағдайын жақсартуға ықпал ететінін жеткізді.

Осылайша қалалық семинар аясында ұсынылған «папье-маше» техникасы арқылы арт-терапия әдісі мұғалімдер үшін пайдалы әрі тиімді құрал екені дәлелденді. Бұл тәжірибе білім беру үдерісіне жаңа серпін беріп, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

**Ботагүл ҒАЗЕЗОВА,**
**«Жас дизайнер» үйірмесінің жетекшісі**

**КО ВСЕМИРНОМУ ДНЮ ОХРАНЫ ТРУДА**

# Безопасность на производстве превыше всего

**ГКП «Аркалыкская ТЭК» является не только градообразующим, но и стратегически важным предприятием. В настоящий момент здесь работает порядка 400 сотрудников, трудящихся в разных частях производственной сферы.**



На фоне этого вполне понятно, почему именно безопасности и охране труда на предприятии уделяется огромное значение. Напомнить об этом, будет вполне уместно, по случаю Всемирного дня труда, который, как известно, ежегодно отмечается 28 апреля. Говоря об этом, главный технический руководитель отдела охраны труда и надежности ГКП «АТЭК» Азамат НАКТАЕВ подчеркнул, что безопасность труда на предприятии не является формальностью или пустым звуком. Ведь перед тем, как выпустить работника на линию, каждый проходит первичный инструктаж на рабочем месте. Плюс ко всему, работники предприятия, где это необходимо в обязательном порядке обеспечиваются средствами индивидуальной защиты. То есть, будь-то перчатки, каски, спецодежда, маски, респираторы, сапоги и так далее. При этом обновлению средств индивидуальной защиты отводится особое внимание. Они закупаются на ежегодной основе. Ведь формула девиза предприятия заключается в том, чтобы каждый работник, приходя на работу, возвращался домой, живым, невредимым и здоровым.

Помимо закупа средств индивидуальной защиты для работников имеется социальный пакет гарантий. В частности, раньше на заслуженный отдых выходят люди, которые работают на вредных производствах, плюс ко всему, они имеют дополнительные выплаты за вредные условия труда, дополнительные пенсионные взносы и т.д. К их числу относятся ряд представителей различных профессий, работающих на теплоэнергоцентрали, водоочистных сооружениях, канализационных очистных сооружениях, станциях и т.п. Ведь там присутствует пыль, загрязненность, загазованность и другие вредные факторы. В дополнении таким работникам выдается молоко за вредность. Ну, а словом, каждый работник, выходит на работу укомплектованный с нарядом допуска к работе.

Азамат Куанышбекович также сообщил, что в отделе охраны труда и надежности работают три человека. Помимо него это также инженер по технике безопасности ТЭЦ Талгат МУХТАРОВ и инженер по технике безопасности Сауле ЕДРЕСОВА. Столь небольшой коллектив следит за безопасностью и охраной труда на производстве. Отдельно он сообщил, что ежедневно ведется мониторинг по цехам и участкам в плане того, что каждый работник вовремя сдает экзамен на профессиональную пригодность. Кроме того, каждый четверг проводится принятие экзаменов в рамках Дня техники безопасности. При этом речь идет не только о непосредственных принятиях экзаменов, но и дополнительному обучению сотрудников. Также отдельно обучаются те работники, которые только устроились на предприятие, а также те, кто через месяц допускается к самостоятельной работе. И обязательно, каждый год, даже если человек давно работает, он обязан пройти экзамены и получить новое удостоверение о своей квалификации.

В завершении Азамат Нактаев, напомнил, что предприятие подписало меморандум о работе со студентами колледжей. В частности, речь идет о студентах Аркалыкского политехнического колледжа, которые проходят в ГКП «АТЭК» производственную практику, а впоследствии некоторые из них здесь трудоустраиваются. С ними проводятся водный и первичный инструктажи. Студенты – практиканты направляются в качестве лаборантов, механиков, электриков и так далее, при этом, за ними обязательно закрепляется наставник. К самостоятельной работе они по технике безопасности не допускаются и направляются только на легкие условия труда.

**Пресс-служба ГКП «Аркалыкская ТЭК»**


## «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ «Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз» автожолының «Орталық – Батыс» дәлізін реконструкциялау бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы түзету: 373-415 км учаскесі, Қостанай облысы Арқалық қ. ауданы» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі материалдары бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Жария талқылаулар 2026 жылғы 13 мамыр мен 19 мамыр аралығында «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық мәліметтер банкі» сайтында (https://ndbecology.gov.kz) өтеді. Осы кезенде ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

**Жобалау құжаттамасының тапсырыс берушісі:**
«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, Қостанай қ., Хакімжанова көш., 7, тел.: 8 (7142) 55-82-21.

**ҚОҚ бөлімін әзірлеуші:**
«Кустанайдорпроект» ЖИ» ЖШС, тел.: 8 (7142) 50-78-20, 8-705-603-28-73.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен https://ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде танысуға болады. Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8-705-603-28-73 телефоны немесе letsiknn@mail.ru электронды поштасы арқылы алуға болады.

## АО «НК «КазАвтоЖол» объявляет о проведении общественных слушаний

в форме публичных обсуждений по материалам раздела «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту: «Корректировка ПСД по реконструкции коридора «Центр – Запад» по автомобильной дороге «Астана – Аркалык – Торгай – Иргиз» участок км 373-415, район г.Аркалык Костанайской области»

С 13 мая по 19 мая 2026г на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» https://ndbecology.gov.kz проводятся публичные обсуждения и принимаются замечания и предложения.

**Заказчик проектной документации:**
АО «НК «КазАвтоЖол», г.Костанай, ул.Хакимжановой, 7, Тел.: 7142-55-82-21,

**Разработчик раздела ООС :**
ТОО «ПИ «Кустанайдорпроект»,
тел.: 87142-50-78-20, 8705-603-28-73.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться в информационной системе https://ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел. 8-7056032873, электронный адрес letsiknn@mail.ru


## «Арқалық жылу энергетикалық компаниясы» МКК Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің тұтынушылар алдында 2025 жылдың қызметі жөнінде тыңдау өткізу туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің «АЖЭК» МКК тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалардың алдында Арқалық қаласы, Қайырбеков көшесі, 25, 3 қабат мекенжайы бойынша және «ZOOM» қосымшасы арқылы онлайн режимінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша 24.04.2026 жылы тыңдау өткізілді.

Кәсіпорын тұтынушыларды жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, ағынды суларды бұру бойынша 2025 жылы толық көлемде қамтамасыз етті.

2025 жылы қызмет көрсетуден түскен табыс 3 027,8 млн. теңгені құрады, қызмет көрсетуге жұмсалған шығындар 4 237,6 млн. теңге, шығын 1 209,8 млн. теңге сомасында қалыптасты.

## О проведении слушания перед потребителями о деятельности ГКП «Аркалыкская теплоэнергетическая компания» акимата города Аркалыка Костанайской области за 2025 год

24.04.2026 года ГКП «АТЭК» акимата города Аркалыка Костанайской области проведено слушание перед потребителями и иными заинтересованными лицами по предоставлению регулируемых услуг за 2025 год по адресу: г. Аркалык, ул. Каирбекова, 25, 3 этаж, актовый зал и в режиме онлайн посредством приложения «ZOOM».

В 2025 году предприятие обеспечило потребителей в полном объеме по теплоснабжению, водоснабжению, отведению стоков.

Доход от оказания услуг за 2025 год составил 3 027,8 млн. тенге, затраты на предоставление услуг сложились в сумме 4 237,6 млн. тенге, убыток 1 209,8 млн. тенге.


АДРЕС РЕДАКЦИИ:
110300, г. Аркалык, ул. Кайырбекова, 46.
E-MAIL: arkalyk.habar@mail.ru,
arkalyk.habary@mail.ru
www.arklife.kz
ТЕЛЕФОН: 8 747 916 4198, 8 702 538 12 80
(редакция, бухгалтерия, реклама).

Собственник:
ТОО «Аркалык хабары»
Главный редактор
К.А. ЕСМАГАНБЕТОВ

Компьютерный набор, печать офсетная.
Усл. печ. л.2
Отпечатана в ТОО "Полиграфия Костанай"
110000, г. Костанай, ул. Мауленова, д. 16

Ⓡ - на правах рекламы

*Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов. Ответственность за содержание рекламы и объявлений несет рекламодатель.*

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №13024-Г от 20.09.2012 г.
Выдано Министерством культуры и информации РК

**Газета выходит еженедельно, в пятницу.**
Тираж - 1500. Заказ №546